

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 ақпандағы N 146 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 12, 78-құжат; 2006 ж., N 19-20, 119-құжат):

1) 4 - б а п т а :

1-тармақтағы "сәуірде" деген сөз "тамызда" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "шілдеге" деген сөз "қарашаға" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 7-тармағының екінші бөлігінде және 11-баптың 5-тармағының екінші бөлігінде:

"және әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылықтан" деген сөздер ", әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылықтан және тәртіптік жауапкершіліктен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"13 және 14" деген цифрлар "13, 14 және 14-1" деген цифрлармен ауыстырылсын;

3) 14-бапта "357-2" деген цифрлардан кейін ", 532" деген цифрлармен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Мемлекеттік лауазым атқаратын, мүлкін жария еткен адамдарды тәртіптік жауапкершіліктен босату

Мемлекеттік лауазым атқаратын, мүлкін жария еткен адамдар "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 5-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді жасағаны үшін тәртіптік жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы . " ;

4) 16-баптағы "және 2007 жылғы 1 шілдеде өзінің қолданылуын тоқтатады" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлкті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 12, 79-құжат; 2006 ж., N 19-20, 119-қ ұ ж а т) :

2-баптағы "және 2007 жылғы 1 шілдеде өзінің қолданылуын тоқтатады" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті